

## Балқаштық майдангерлер

Рахман Кенбаев 1922 жылы 5 мамыр күні Ақтоғай ауданында, шаруаның отбасында дүниеге келді. Оның еңбек жолы ерте, 16 жасқа келген кезде басталады. Отан қорғауға 1941 жылы желтоқсанда аттанды. Алғашқыда сержант-старшиналар дайындайтын мектепте оқыса, ал 1942 жылдың көктемінде майданның алғы шебінде болды. Ол «Ерлігі үшін», "Будапешті алғаны үшін", "Венаны алғаны үшін" жауынгерлік медалдарымен марапатталған. Кейіннен, 1985 - жылы Ұлы Отан соғысында неміс-фашист басқыншыларымен шайқаста көрсеткен жауынгерлік ерлігі және Жеңістің 40 жылдығына байланысты II - дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталады. Ол үшін соғыс 1949 жылы наурызда ғана аяқталды. Соғыстан кейін Р.К. Кенбаев қайтадан өзінің туған өлкесіне оралады. Әскерден келгеннен кейін оның барлық қызметі Балқаш қаласы мен Балқаш кен-металлургия комбинатын дамытуға байланысты болды. Еңбек жолын бастаған кезде, саяси жұмыстарда істегені ескеріліп, оны газет жұмысына жібереді. Кейінірек ол қалалық ақпараттық партия комитетінің, насихат және үгіт бөліміне нұсқаушы болып ауыстырылады.

Ол партиялық ұйымның хатшысы болған кезінде, Гүлшат кентінің қалыптасуына үлкен үлес қосты. Ол әлеуметтік саланы дамытуға ерекше көңіл бөлді: профилактория және медициналық-санитариялық бөлім, пионерлер лагері, балалар бақшасы және спорт ғимараттарының салынуына көп күш жұмсады.



Рахман Кенбаев





## Балқаштық майдангерлер

### жалғасы

Р.Кенбаев 1968 – 1982 жылдар аралығында Кеңес Одағы металлургия өнеркәсібі жұмысшылары кәсіподақ ұйымының Орталық комитетінің мүшесі болды. Кеңес Одағы кәсіподақ ұйымының XIV, XV, XVI съездеріне делегат болып сайланды. "Құрмет Белгісі", "Еңбек Қызыл Ту" ордендерінің кавалері, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің он бір медалімен, Құрмет грамоталарымен марапатталған. БКМК кәсіподақ комитетін 20 жылдан астам басқарған, қалалық тәлімгерлер кеңесінің Төрағасы және бірнеше рет халық депутаттығына сайланған, орны ерекше депутат болды. Ол сонымен бірге, сөзге бай - шешен, қазақ және орыс тілдерін жетік меңгерген, тек түсінікті және сендіре сөйлеп қана қоймай, ол әңгіме айтқан адамды да тыңдай білетін. Комбинаттағы көптеген адамдар Рахман Кенбаевты әлі күнге дейін жылы лебізбен еске алады.

Р.К. Кенбаевтың Балқаш қаласының мыс алыбына қосқан үлкен үлесі мен кәсіподақ саласындағы ерен еңбектері үшін, 1986 жылы «Кәсіподақ комитетінің Үздік төрағасы» атағы беріліп, 1995 жылдың 20 шілдесінде БКМК сауықтыру орталығына Рахман Кенбаев аты берілді.



Рахман Кенбаев

